

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SSBG3232>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/WRCQ6436>

***Ж. Б. Әділбекова¹, А. Ә. Үсен²**

^{1,2}Д. Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-0109-7743>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3293-5882>

*e-mail: zhanara-snowy@mail.ru

М. О. ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – ШЫҒЫС ПЕН БАТЫС АРАСЫН ҚОСҚАН ӘДЕБИ КӨПІР

Мұхтар Әуезов – шығармашылық жолымен төл әдебиетімізде ғана емес, әлем әдебиетінде өзіндік сара жолын салып, классик жазушылар қатарынан ойып тұрып орын алған көрнекті тұлға. Оның көркемдік әлемі – мәдени контекстті бойына терең сіңірген, шығыс пен батысты жалғастырған әдеби әрі мәдени көпір.

Өз кезегінде Мұхтар Омарханұлы өз заманының әлеуметтік және мәдени өзгерістерін көрсететін бейнелерді шығармаларында сомдау үшін қазақ тілі мен фольклорының әдеби мол байлығын пайдаланды. Оның шығармашылығы дәстүріміздің алып қайнарқозіне бойлатып, жаңа идеяларға ашық болуымен, кең арналы тынысымен ерекшеленеді.

Бұл мақалада Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармашылығының жаһандық дүниетанымда шығыс пен батыс мәдениетінің синтезін, қазақ халқының бірегейлігін танытуда қосқан үлесі баяндалады.

Берілген мақала салыстырмалы әдебиеттану мен мәдениеттану саласындағы зерттеулердің кең арнасын қалыптастыруға, сондай-ақ Мұхтар Әуезовтің шығармашылығын әлемдік әдеби мұраның маңызды құрамдас бөлігі ретінде бағалауға арналған.

Мұхтар Әуезов шығармашылығын әлем классиктерінің мұрасымен қатар қойып салыстыру оқырманның дүниетанымын кеңейтіп, әдебиетіміздің көркемдік әлеміне әртүрлі мәдени призмалар арқылы қарап бағамдауға мүмкіндік береді.

Мақала қорытындысында Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармашылығын жаһандану жағдайында қазіргі әдебиеттану пен

мәдени процестерге әсерін әрі қарай тереңрек зерттеу қажеттілігі атап өтілді.

Кілтті сөздер: жазушы, әлем әдебиеті, салыстырмалы әдебиеттану, әдеби үндестік, рухани ықпал

Кіріспе

Көркем әдебиет – әртүрлі дәстүр мен идеялардың өзара ықпалдасуына әсер ететін мәдени алмасудың қуатты құралы. Жаһандану әлемінде рецепция деп аталатын бұл процесс әр алуан әдеби дәстүрлердің өзара әрекеттесуінде бірегей синтезді қалыптастырады. Аталған салада компаративистік тұрғыда жүргізілетін зерттеулердің маңызы ерекше екенін атап өткеніміз жөн.

Салыстырмалы талдау арқылы әлемдік әдеби мұраны бірін-бірі толықтыратын және байытатын, жеке шығармаларды, олардың әлемдік мәнмәтіндегі орнын терең түсінуге ықпал ететін бірлік ретінде қабылдаймыз. Бұл ғылым көркем мәтіндерге талдау жасаумен шектелмейді, сонымен қатар ұлтаралық сабақтастық пен диалогты орнатуға ықпал жасайды. Бүгінгі күні салыстырмалы әдебиеттану қазіргі әдебиетті ілгерлетуші басым бағыттардың біріне айналып келеді.

«Салыстырмалы әдебиеттану» ұғымының қалыптасу тарихына үңілсек, аталған түсінік Франция мемлекетінде Жорж Кювьеңнің бірнеше организм арасындағы анатомиялық айырмашылық пен ұқсастықты зерттейтін «Салыстырмалы анатомия» терминіне балама ұғым ретінде пайда болды [1, 6-б.].

Иоганн Вольфганг фон Гете алғаш 1827 жылы «Әлем әдебиеті» (Weltliteratur) атауын көпшілік айналымға енгізіп, әртүрлі ұлттар әдебиетінің арасында диалог орнату қажеттігіне тоқталады. Гете әр алуан халықтың әдеби жетістіктерін зерттеу және сол туындыларда орын алатын интеграцияның ұлттық әдеби дәстүрлерді байытатына назар аударады [2, 68-б.].

Әдебиеттанушы ғалым Е. Тілешов «әдеби үдерісте дәстүрді жемісті әрі шынайы жалғастыру – көзсіз еліктеу емес» екендігін негіздей келе, оның шығармашылықпен қабылданып игерілген жалғастығына мән береді: «жазба әдебиетінің дамуымен бірге ұлттың көркемдік танымына басқа халықтар әдебиеттерінің дәстүрлері де ене бастағандығын ұмытпауымыз қажет» деп, баса назар аударады [3].

Қазіргі шетел салыстырмалы әдебиеттануының негізін қалаушылардың бірі АҚШ ғалымы Рене Уэллек салыстырмалы әдебиеттану шығармалар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды тізіп қоюмен шектелмей, керісінше әдеби процесс пен мәдени өзара әрекеттесуді тереңірек түсінуге бағытталуы керек екенін атап өтеді. Сондай-ақ, автор әдеби

туындылар мен алдыңғы қатарлы тәжірибелерді біртұтас дүние ретінде қарастыруға көңіл бөледі [4, 109-б.].

Материалдар мен әдістері

Мақаланы жазу барысында әлемдік әдебиет теориясы мен қазақ әдебиеттануындағы салыстырмалы талдауға қатысты еңбектер пайдаланылды. Мұхтар Омарханұлының әлем әдебиетінің биігінде алатын орны Америка әдебиеті классиктері шығармаларымен салыстыру, параллель қарастыру арқылы талданды. Жазушы шығармашылығына қатысты зерттеуде жүйелеу, тұжырым жасау, салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

XIX ғасырда қазақ әдебиеттануында салыстырмалы зерттеулердің тұңғыш іргетасын қалаған тұлғалар Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин екені белгілі.

Ал, салыстырмалы отандық әдебиеттанудың ғылыми негізін қалыптастыруға мұрындық болған, қазақ әдебиеттануының тарихы мен теориясы, сыны туралы құнды ойларын «Әдебиет тарихы» монографиялық еңбегін жазу арқылы танытқан кемеңгер жазушы, ғалым ретінде М. Әуезов тұлғасын танимыз.

Әдебиеттегі ықпал, әсер, байланыс мәселелерінің жадағай қарастырылмауына мән берген зерттеуші Р. Нұрғали «Сөз өнерінің эстетикасы» атты монографиясында «тұңғыш рет әлем әдебиетін қазақ халқының рухани дүниесімен жалғастыру бақыты Мұхтар Әуезовтің маңдайына біткенін» терең теориялық біліммен бағалайды [5, 80]. Себебі талантты суреткердің шығармашылық ұстаханасы орыс классикасы, Батыс Еуропа, Америка әдебиеті және шығыс әдеби мұраларымен үндеседі.

Қаламгердің әлем әдебиетімен байланысы және сол тұғырда алатын орны жайында көптеген зерттеулер жазылып, Әуезовтану ғылымының қарыштап дамуына негіз болды.

М. Әуезовтің шығармашылық әлемін зерттеу нысанына айналдырған А. Нұрқатов, М. Қаратаев, Е. Лизунова, Л. М. Әуезова, З. Қабдолов, З. Ахметов, Б. Сахариев, Қ. Мұхаметханов, Р. Нұрғалиев, С. Қирабаев, М. Мырзахметов, К. Сыздықов, Т. Жұртбай, Ж. Дәдебаев т.б. сыншы ғалымдардың еңбектерімен таныспыз.

Сонымен қатар қазіргі қазақ әдебиеттануында М. Әуезов тұлғасын әлемдік деңгейде салыстырып талдауға бағытталған кейінгі жасалған көлемді зерттеулерге М. Х. Маданованың «Введение в сравнительное литературоведение» (2003 ж.), Д. Мәсімханның «Мұхтар Әуезов және Лу Шүн» атты монографиясын (2007 ж.), Ш. С. Актанованың «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» (2023 ж.) атты докторлық диссертациясын жатқызуға болады.

Бір қарағанда мәдениеті мен тілі, діні бөлек мұхиттың арғы жағындағы АҚШ, шекаралас орналасқан көршілес Қытай секілді елдердің арасында қандай әдеби, мәдени байланыс, ұқсастық пен байланыс болуы мүмкін деген сұрақ көкейімізде тұратыны анық.

«Мухтар Ауэзов, хемингуэевский сверстник, между прочим, всего два года разницы, и в литературу они входили примерно в одно время, учитывая эти жанровые сдвиги, быть может, стихийно – мировая литературная атмосфера такая, и проявляет она себя, где и как угодно, даже далеко от центра, – а может, и сознательно. Во всяком случае, уже в самом раннем его рассказе исключительную роль играет внесюжетная фактура – пейзаж» [6, 104-б.], – деп, орыс ғалымы Николай Анастасьев бір мезгілде қос қаламгер дүниеге әкелген туындылардың қуатты тіліндегі үндестікті кездейсоқтық па, әлде саналы түрде барған қадам ба деп ұқсас параллельдерге меңзейді.

М. Әуезовтің батыс елдерінің әдебиетінен әсерленгенін драматургия, проза, аудармаларын оқығанда байқаймыз. Сөз зергері Ғ. Мүсірепов: «Қазақ әдебиетінде Мұхтар Әуезов екеуміз, әсіресе, драматургияда Вильям Шекспирден көп өнеге алдық, көп еліктедік деп ойлаймын. Өз басым сол арнамен жүргенде, «Қозы Көрпеш, «Ақан сері» тұсында көркемдік олжа таптым-ау деп санаймын. Ал сол дәстүрді бұзған кездерім белгілі ғой, табысқа жеткен емеспін» [5, 252-б.], – деген пікірінен талантты сөз шеберлерінің бірнеше арнадан, соның ішінде батыс әдебиеті классиктерінен кәсіби тұрғыда үйреніп, тәжірибе жинағаны осыған дәлел.

Мұхтар Әуезов кішкентайынан қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілеріне қанық болып, шығыстық дастандарды жатқа білді, сондай-ақ, орыс және батыс әдебиетіне қызықты.

М. Әуезовтің Абайдың ертекшісі Баймағамбеттің аузынан Америка жазушыларының шығармаларын бала кезінен естіп өскені, таныстығы жөнінде зерттеуші ғалым Т. Жұртбай да жазады [7, 81-б.].

Мұхтар Омарханұлының Ресей, Ташкентте алған білімі мен бесі, сондай-ақ қазақ әдебиеті саласындағы зерттеу жұмысы шығыс пен батыс арасындағы мәдени, әдеби өзара ықпалдастықты қозғайтын мәселелерге алғашқылардың бірі болып қалам тартуға мүмкіндік берді.

Америка жазушыларының қазақ әдебиетінде жариялануы, бұл әдебиетпен қазақ оқырманының танысуы біртіндеп жүргізілген көпқабатты процесс екені белгілі. Кеңес заманында XX ғасырдың басынан бастап елімізде Джек Лондон, Эрнест Хемингуэй сияқты әйгілі америка жазушыларының шығармалары аударылып, жарық көре бастады.

Сондай-ақ, М. Әуезов Американың баспасөз беттерінде жарияланған саяси мақалаларды оқып, еліміздің тәуелсіздігі үшін күрес жолында қажеттісін саралап, маңызды ойларды кәдеге жаратты [7, 81-б.].

XIX ғасырда Америка әдебиеті Эдгар По, Джеймс Фенимор Купер және XX ғасырдың басында Джек Лондон, Марк Твен, Эрнест Хемингуэй және Джон Стейнбек сияқты т.б. дарынды жазушылардың есімдерімен толықты.

Америка әдебиетінде әлеуметтік мәселелерге жете мән беріліп, кейіпкерлердің елде орныққан саяси, қоғамдық жүйеге деген ішкі күресі сол заман шығармаларында бейнеленді. Еліміздегі ахуал М. Әуезовті де толғандырмай қоймағаны сөзсіз, осы секілді мәселелер қарымды қаламгеріміздің назарынан тыс қалмай, әлеуметтік тақырыптарды тереңнен қозғауға түрткі болды.

Мұндай үндестік, ұқсастықты кейіпкерлердің әлеуметтік-саяси жағдайлардан туындап, трагедиялық жайттарға әкелген туындыларды оқу барысында көз жеткіземіз.

Зерттеуші М. Ақтанова М. Әуезов шығармаларындағы «қазақ» деген атаумен келетін кейіпкерлердің барлығын қазақ халқының ғана өкілі ретінде қабылдасақ қателесетінімізді, жазушы қаламынан туындаған көркем образдар бойындағы қасиеттердің бүкіл адамзатқа ортақтығын атап өтеді [8, 95-б.].

Шығармаларында Америка табиғатын қосалқы екінші орындағы фон ретінде пайдаланып қоймай, сонымен бірге ең белсенді әсер етуші күшке айналдыра алған тарихи романның иесі Джеймс Фенимор Купер «Могиканның соңғы тұяғы» атты шығармасымен танымал. Джеймс Фенимор Купер мен Мұхтар Әуезовтің шығармашылығын талдай отырып, біз географиялық және мәдени алшақтыққа қарамастан, осы екі ұлы сөз шеберін біріктіретін таңғажайып параллельдер мен ұқсастықтарға тап боламыз. Д. Ф. Купер американдық байырғы халықтардың өмірі жайлы қалам тербесе, М. О. Әуезов көшпенді дала жағдайында өмір сүрген қазақ халқының тұрмысын жырлайды.

Қос қаламгер де шығармалары арқылы оқырмандарын өз халқының рухы мен дәстүрінен сусындатады, бастау алған қайнар бұлаққа әкеледі.

Зерттеуші ғалым Р. Нұрғали М. Әуезовтің туған ауылынан тоғыз жасында кетіп, бұдан кейінгі өмірі қалада өтіп, «Қазақ даласын жыр етуде оның алдына түскен ешкім жоқ» [5, 33-б.] деген тоқтамға келеді. М. Әуезовтің көркемдік мұрасымен бастан-аяқ таныссақ, бұл пікірмен баршамыз толық келісетініміз шүбәсіз.

Өмірбаяндық және тарихи көзқарасты үйлестіре отырып, жазушы тұлғасына кешенді талдау жасаған Николай Анастасьев «Степь продувается культурными ветрами с Востока и Запада, здесь скрещиваются лучи,

идущие со всех сторон света, поэт степи – наследник и заложник самых различных традиций» деуі де жазушының әртүрлі қайнар бастаулардан сусындағанын білдіреді [6, 29-б.].

М. Әуезов көшпелі дала тұрмысынан бастап отарлық қайта құрулар кезінде түрлі мәдениеттердің ықпалына тап болған дәуірде өмір сүрді.

Жазушы батыс әдебиетінің озық үлгілерімен танысып, шығармаларында реализм, символизм және романтизм белгілері бар көркемдік тенденцияларды шебер пайдаланады, ішкі және сыртқы қақтығыстарды бастан кешіретін жарқын көркем образдарды дүниеге әкеледі. Сондай-ақ, қаламгер шығыс дәстүрлерінің адал перзенті болып, өз репертуарының түпқазығы ретінде ауызша тараған халықтық аңыздарды алып, қазақ философиясының тереңіне еркін бойлайды.

Ең алдымен, екі жазушы кейіпкерлер бейнесін табиғаттың тылсым күштерімен байланыстыра сомдап шығады.

Купердің Натаниэль (Натти) Бампо атты романтикалық кейіпкері орман мен тұрғылықты тұрғындар жайлы біліммен қарулана отырып, қоршаған әлеммен үйлесімді бірлікте өмір сүреді [9]. Бұл кейіпкер – жапа шегіп, қорлық көргендердің жоқтаушысы, әділдік жолында өмірін сарп кеткен күрескер. XIX ғасырда Америкада батысты игеру мақсатында жер үшін күрес, үндістерді өздерінің алғашқы жерлерінен ығыстырған отарлау саясаты жүргенін тарих беттерінен білеміз.

Әуезов болса, оқырманын «Абай жолында» табиғат пен дәстүр заңдарымен өмір сүретін Абай айналасына шоғырланған қазақ даласының эпикалық бейнесімен табыстырады. Екі автор табиғатты фон ретінде емес, кейіпкерлердің тағдырына әсер ететін маңызды бөлік ретінде пайдаланады. «Пейзажды, диалогты, монологты адам психологиясын ашудың ұтымды тәсілі ретінде пайдалану – Әуезовтің жазушылық ерекшеліктерінің бірі» [5, 216-б.] болғанына көз жеткіземіз.

Сондай-ақ, Купер мен Әуезов шығармаларында мәдениет пен халықтың өмір салты арасындағы қақтығыс тақырыбы менмұндалап тұрады. Купер Американың байырғы тұрғындары мен Еуропалық иммигранттар арасындағы қақтығысты кеңінен сипаттап, екі әлемді бөліп тұрған алшақтықты көрсетеді. Осыған ұқсас тақырып отарлау дәуірінде етек жайып, қазақ әлемін тұншықтарған реформалар, дәстүр мен жаңашылдық бір-бірімен соқтығыса әрі тоғыса отырып, күрделі өмірлік драмаларды тудырған әлеуметтік өзгерістерді бейнелейтін Әуезов шығармашылығынан көрініс табады.

Екі жазушы мұрасынан ұлттық бірегейлік пен ұлттық кодты іздеу ұмтылысы мен сарындарын байқаймыз. Америка жазушысы Куперде үндістердің өз әлемінен алшақтап, мәдениеті мен бостандығынан айырылып, сарғайған сағыныштан сарылған жай-күйге душар болғанын көреміз, автор

шығармада баяндалған оқиғаларға оқырманын еріксіз мойынсұндырады. Өуезовте бұл сипат қазақтардың бірегейлігінің ажырамас бөлігі болып табылатын өз халқының салт-дәстүрі, философиясы мен әуенімен табысқан кейіпкерінің әрекетінен байқалады. Қос қаламгер қалам тербеп жазған тақырыптар өткенге деген құрмет және болашаққа деген алаңдаушылық, шынайы құндылықты сақтап қалу ұмтылысын көрсетеді.

Өуезов ар-ұждан, ұлттық бірегейлік мәселелерін қозғай отырып, әртүрлі мәдениеттерге ортақ концептілерді зерттеуге даңғыл жол салады. «Тіл, дін, сенім әр түрлі болғанымен, сезім, әсемдікке құштарлық, арман адам баласына ортақ» [5, 114-б.] екендігі даусыз.

Зерттеуші Ш. С. Актанова М. Өуезовті ғарыштық деңгейдегі ой иесі ретінде бағалап [8, 108-б.], Э. Хемингуэй шығармашылығымен салыстыра отырып, макро және микроконцептілік деңгейде қос қаламгер тұлғасына талдау жасайды. Екі автордың шығармаларында кейіпкерлердің ішкі қақтығыстары мен өзін-өзі іздеу мәселелері жиі көтеріледі, бұл өз кезегінде әртүрлі мәдениеттерге ортақ жалпыадамзаттық тақырыптар екені анық.

Мұхтар Өуезовтің білімі мен әдеби қалыптасуы үлкен саяси және әлеуметтік өзгерістер аясында өтті. Сондай-ақ, «оқу, ғылым қуып, таза жазушылық жұмысқа қарай ойысқан, сүйікті даласынан қол үзгендей кездерінде Өуезов арнаулы ізденістерге, мақсатты жол – сапарларға ден қояды. Бұл ұмтылыстар жемісі – әр кезде, әр түрлі ыңғайда жазылған очерктер» [5, 81-б.]. Өуезовтің ресми делегация құрамында саяхаттаған уақытында жазған «Америка әсерлері» очеркі – осындай сапардың нәтижесі. Очерк алғаш 1964 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде аяқталмаған күйде жарияланады.

Өмірінің соңғы жылдарында Америкаға барған саяхат Өуезов шығармашылығының жаңа көкжиектерін ашты және әлемге екі түрлі мәдениеттің объективі арқылы қарауға мүмкіндік берді.

«Хотя за срок месячный, что называется, не объездишь, не объемишь такую великую, не объятную, многообразную и богатейшую всеми своими данными страну, тем не менее я вывез большие поробные записи в своем писательском дневнике...» – дей келе [10, 15-б.], Америка Құрама Штаттарының бірнеше қаласында көріп-білгендерімен бөліседі.

Өуезов американдық қоғамның әлеуметтенуі, оның плюрализмі, индивидуализмі мен мәдени әртүрлілігіне сапарға шыққан жолаушы көзқарасымен ғана емес, тереңнен көз жүгіртеді.

Сапарлас әріптесі, украин әдебиеттанушысы Олесь Гончар өз естелігінде М. Өуезовтің АҚШ-қа ысылған жазушы, аса білімдар дана адам ретінде келгенін байқап [10, 40-б.], америка журналистерінің қазақ жазушысын

«философ, Шығыс данасы» [10, 39-б.], деп атағанын ерекше тебіреніспен жазады.

Мұхтар Әуезовтің Америка туралы очерктері – шығыс пен батыс арасындағы мәдени алмасуды түсінуге қосылған маңызды олжа. Оның Америкадағы өмірдің әлеуметтік, мәдени және технологиялық аспектілері туралы бақылаулары мен ойлары жаңа зерттеулерге леп береді. Әуезов жолжазбасы халықтар арасында ашықтық пен түсінісу қажеттілігін, сондай-ақ әдебиеттің мәдени айырмашылық пен ұқсастықтарды зерттеу құралы ретіндегі маңыздылығына тоқталады.

М. Әуезовтің жолжазба очеркте «Сіздерде Хемингуэй неге қадірлі деп сұрап еді, Леонов ұзақ индивидуальный, субъективный, формалистический жауап берді. Оның соғысқа қарсылығы, жалпы адам үшін оптимизмі, өзге, біздің халық сүйетін сипаты туралы сұраққа дәл, кең жауап айтпады» [10, 87-б.], деп, іштей налиды, бұдан біз М. Әуезовтің Хемингуэй шығармашылығымен жете таныс болғанын түсінеміз.

Эрнест Хемингуэй мен Мұхтар Әуезов суреткерлік әлемінің мәдени және тарихи контексттерінің әртүрлілігіне қарамастан, адамның ішкі жан дүниесінің табиғатына терең үңіліп, оған қоршаған әлемнің объективі арқылы қарауға тырысады, бұл – екі жазушыға тән ұқсастық. Әрқайсысы – ішкі және сыртқы мазмұнға бай әдеби ландшафт жасай отырып, өмірге деген ерекше көзқарасын туындылары арқылы жеткізе алған қарымды жазушылар.

Эрнест Хемингуэй өзінің ұстамды стилімен және мазмұнды бояуларымен танымал, ол қоршаған әлемнің кертартпа қайшылықтарына метафоралы үлгіде жауап берген адамның ішкі әлемін көрсетеді.

Әуезов көптеген шығыс ойшылдары сияқты адам мен қоғамның екіжүзді табиғатының символдық көрінісі болып табылатын «ақ пен қара» ұғымын туындыларына арқау етіп пайдаланады.

Хемингуэй мен Әуезов кейіпкерлері көбінесе табиғат, тарих немесе өз тағдырымен күресуге мәжбүр болатын жағдайларға кезігеді. Хемингуэй «Килиманжаро – қарлы тауында» өлім алдында жасап үлгермеген әрекеттері үшін өкінген, ішкі күйзеліс, қорқынышы бар адамды бейнелейді [11]. Сондай-ақ, Мұхтар Әуезов «Абай жолында» ескіліктің сарқыншақтарымен күреске бел буып, өмірдің жаңа бұраландары алдында тұрған кейіпкердің рухани бейнесін танытады. Жазушы өзінің «Абай жолы» эпикалық романында адам табиғаты туралы философиялық ойларды қазақ халқының ұлттық ерекшелігімен сабақтастырады.

Осылайша, бұл жазушылардың туындылары ұқсас философиялық мотивтерден бөлек табиғатты символдық мәнде пайдаланған, толыққанды, өміршен панорамаларды құрудағы шеберліктерімен ұштасады.

Бұл авторлар – адамның ішкі болмысын танытып қана қоймай, адамның ұлы және кең әлемдегі орны туралы ойларға жетелейтін дарынды қыл қалам иелері.

Академик Р. Нұрғали өз зерттеуінде қазақ жазушысының «Абай жолы» эпопеясы арқылы әлем әдебиеті үшін жаңалық болған соны, зор табыстардың көптігін, қазақ тілінің бейнелеу мүмкіндіктерінің жаңа қабаттарын ашқандығына ерекше мән береді [5, 218-б.].

Әуезов қазақ дәстүрлеріне негізделген бейнелер мен мотивтерді суреткерлік әлемінде ұтымды қолданады, сонымен бірге оның әдеби тілі мен композиция жасау техникасынан батыс әдебиетіне тән белгілерді байқаймыз. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында батыстың озық идеяларын шығыстың дәстүрлі құндылықтарына біріктіруге ұмтылатын тұсын бас қаһарман ретінде таңдалған ақын және ойшыл Абай Құнанбаевтың философиялық бейнесінен танимыз: «Эпопея бастан-аяқ өмір көріністеріне, динамикаға, тіршілік тынысына, қимыл қозғалысқа толы. Романда тарау-тарау, сала-сала, белдеу-белдеу жолдар бар, олардың дәл ортасындағы қасқа жол – қазақ халқының прогреске, бостандыққа тартқан, таңға қарай бет алған жолы – Абай жолы» [5, 217-б.]. М. Әуезов дала данышпанының жартығасырлық ғұмырын көркем шеберлікпен өріп, оқырман қауымға жеткізді, эпопея дүниежүзі әдебиетінің төрінен лайықты бағасын алды.

Қорытынды

Жазушы қаламынан шыққан жауһар туындылар қазақ әдебиетінің алтын қорын байытып қана қоймай, әлемдік классикалық әдебиеттің биік тұғырынан орын алады. Жаһандану мен мәдени интеграцияның қазіргі заманғы сын-тегеуріні аясында М. О. Әуезовтің көркемдік мұрасы ұлттық бірегейлікті, дәстүр мен әдеби байланыстарды зерттеуде өзінің өзектілігін жоғалтпай, тың ізденістерге негіз болатынына сеніміз мол. Мұхтар Әуезов шығармашылығы әлем әдебиетімен үндесетін, батыс пен шығыс арасын байланыстыратын мықты көпір екені күмән келтірмесі анық.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Аминева, В. Р.** Теоретические основы сравнительного и сопоставительного литературоведения: учеб. пособие. – Казань : Казан. ун-т. 2014. – 105 с.

2 **Тураев, С. В.** Гёте и формирование концепции мировой литературы. – М. : Прогресс, 1989. – 268 с.

3 **Тілешов, Е. Е.** [Электронды ресурс]. – Әдеби үдеріс : дәстүр мен жаңашылдық. – URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/erbol-tilesov-adebi-uderis-dastur-men-zanasyldyq__15657 (қаралған күні: 03.11.2024).

- 4 **Уэллек, Р. и Уоррен, О.** Теория литературы. – М. : Прогресс, 1978. – 328 с.
- 5 **Нұрғали, Р.** Сөз өнерінің эстетикасы : монография / Рымғали Нұрғали. – Астана : Елорда, 2003. – 424 б.
- 6 **Анастасьев, Н.** Трагедия триумфатора : Мухтар Ауэзов – судьба и книги / Николай Анастасьев. – Алматы : Атамұра, 2007. – 504 с.
- 7 **Мұхтар Әуезов** : энциклопедия / бас ред. С. Қасқабасов. – Алматы : Атамұра, 2011. – 688 б.
- 8 **Ақтанова, Ш. С. М.** Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғалған диссертация. – Семей, 2023. – 131 б.
- 9 **Купер, Дж. Ф.** Могиканның соңғы тұяғы. – Алматы : Asau Classic, 2020. – 352 б.
- 10 **Әуезов, М.** Америка әсерлері. Арнайы шығарылым / Mukhtar Auevov. Impressions of America. Special edition. – Алматы : Service press, 2021. – 321 б.
- 11 **Хемингуэй, Э.** Килиманджаро – қарлы тау. – Астана : Аударма баспасы, 2002. – 256 б.

References

- 1 **Amineva, V. R.** Teoreticheskie osnovy sravnitel'nogo i сопоставitel'nogo literaturovedeniya [Theoretical foundations of comparative and comparative literary studies] [Text]. – Kazan' : Kazan'.un-t, 2014. – 105 p.
- 2 **Turaev, S. V.** Gyote i formirovanie koncepcii mirovoj literatury [Goethe and the formation of the concept of world literature] [Text]. – М. : Progress, 1989. – 268 p.
- 3 **Tılesov, E. E.** Ädebi üderıs : дәстүр мен жаңашылдық resurs – [Electronic resource]. – URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/erbol-tilesov-adebi-uderis-dastur-men-zanasyldyq_15657 [The literary process : tradition and innovation] [Text] (Review date: 03.11.2024).
- 4 **Uellek, R. i Uorren, O.** Teoriya literatury [Theory of literature] [Text]. – Moscow : Progress, 1978. – 328 p.
- 5 **Nūrğali, R.** Söz öneriniñ estetikasy [Aesthetics of the art of the word] [Text] : monograph / Rymgali Nurgali. – Astana : Elorda, 2003. – 424 p.
- 6 **Anastas'ev, N.** Tragediya triumfatora : Muhtar Auevov – sud'ba i knigi / Nikolaj Anastas'ev [The Tragedy of the Triumphant : Mukhtar Auevov – fate and books / Nikolai Anastasiev] [Text]. – Almaty : Atamura, 2007. – 504 p.
- 7 **Muhtar Äuevov** Ensiklopedia [Mukhtar Auevov : encyclopedia] [Text] / editor-in-chief S. Kaskabasov. – Almaty : Atamura, 2011. – 688 p.

8 **Aqtanova, Ş. S. M.** Äuezov pen E. Heminguei şyğarmalaryndağy tanymdyq, körkemdik ündestik [Cognitive, artistic harmony in the works of M. Auezov and E. Hemingway] [Text]. The dissertation defended for the degree of Doctor of Philosophy (PhD). – Semey, 2023. – 131 p.

9 **Kuper, J. F.** Mogikannyň soňgy tüiağy [The Last of the Mohicans] [Text]. – Almaty : Asau Classic, 2020. – 352 p.

10 **Äuezov, M.** Amerika äserleri. Arnaiy şyğarylym [Impressions of America. Special edition] [Text]. – Almaty : Service press, 2021. – 321 p.

11 **Heminguei, E.** Kilimanjaro – qarly tau [The Snows of Kilimanjaro] [Text]. – Astana : Publishing house Audarma, 2002. – 256 p.

11.12.24 ж. баспаға түсті.

27.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ж. Б. Адильбекова¹, А. А. Усен²

^{1,2}Евразийский национальный

университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 11.12.24.

Поступило с исправлениями 27.01.25.

Принято в печать 25.08.25.

ТВОРЧЕСТВО М. О. АУЭЗОВА – ЛИТЕРАТУРНЫЙ МОСТ МЕЖДУ ВОСТОКОМ И ЗАПАДОМ

Мухтар Ауэзов – выдающаяся личность, человек, проложивший свой основной творческий путь и удостоившийся особого места среди писателей-классиков не только в отечественной, но и в мировой литературе. Его художественный мир – это литературный и культурный мост, который глубоко укоренился в культурном контексте и воссоединил Восток и Запад.

В свою очередь, Мухтар Омарханович использовал огромное литературное богатство казахского языка и фольклора для воплощения в своих произведениях образов, отражающих социальные и культурные изменения своего времени. Его творчество поглощает истоки традиций, отличается открытостью к новым идеям, обширностью.

В данной статье освещается вклад творчества Мухтара Омархановича Ауэзова в популяризацию синтеза восточной и западной культур, идентичности казахского народа в глобальном контексте.

Данная статья посвящена формированию широкого направления исследований в области сравнительного литературоведения и культурологии, а также оценке творчества Мухтара Ауэзова как важнейшей составляющей мирового литературного наследия.

Сопоставление творчества Мухтара Ауэзова с наследием классиков мира позволит расширить мировоззрение читателя и заглянуть в художественный мир отечественной литературы сквозь различные культурные призмы.

В заключении статьи подчеркивается необходимость дальнейшего более глубокого исследования влияния творчества Мухтара Омархановича Ауэзова на современную литературу и культурные процессы в условиях глобализации.

Ключевые слова: писатель, мировая литература, сравнительное литературоведение, литературное созвучие, духовное влияние.

*Zh. B. Adilbekova¹, A. A. Ussen²

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 11.12.24.

Received in revised form 27.01.25.

Accepted for publication 25.08.25.

THE WORK OF M. O. AUEZOV IS A LITERARY BRIDGE BETWEEN EAST AND WEST

Mukhtar Aueзов is an outstanding personality who paved his main creative path and was awarded a special place among classical writers not only in Kazakh but also in world literature. His artistic world is a literary and cultural bridge that is deeply rooted in the cultural context and reunited East and West.

In turn, Mukhtar Omarkhanovich used the vast literary wealth of the Kazakh language and folklore to embody in his works images reflecting the social and cultural changes of his time. His work absorbs into the origins of traditions, is characterized by openness to new ideas, and vastness.

This article highlights the contribution of Mukhtar Omarkhanovich Aueзов's work to the popularization of the synthesis of Eastern and Western cultures, the identity of the Kazakh people in a global context.

This article is devoted to the formation of a wide range of research in the field of comparative literature and cultural studies, as well as the assessment of Mukhtar Auezov's work as an important component of the world literary heritage.

Comparing Mukhtar Auezov's work with the legacy of the classics of the world will expand the reader's worldview and look into the artistic world of own literature through various cultural prisms.

In conclusion the article emphasizes the need for further in-depth research of the influence of Mukhtar Omarkhanovich Auezov's work on modern literature and cultural processes in the context of globalization.

Keywords: writer, world literature, comparative literature, literary consonance, spiritual influence.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 31,59. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4438

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

5,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 31,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4438

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz